



Абай Н. В. Гоголь атындағы кітапханада.

Семейдегі Абай музейі экспонаттарынан түсірілген сурет.

Абай болған кітапхана

Семей қаласындағы облыстық Н. В. Гоголь атындағы кітапхананың өз оқушыларына айтарлықтай тарихы бар. Қазақстан мәдениеті гүлденуінің бір айғағы болған осы кітапхананың ашылғанына быйылмен 72 жыл толады.

1883 жылы тұңғыш жұмысқа кіріскенде кітапханада небәрі 174 түрлі кітап бар еді. Ол кезде Семей сыяқты қаладан мәдени-ағарту орындарының ашылуының өзі бір зор жетіскендік болатын.

Алғашқыда кітапхана жұмыстарында көп қиыншылықтар кездесті. Патша үкіметі кітапханаға мардымсыз қаржы босатып, оған мүлде дертік көңіл аудармады. Сондықтан жергілікті халық өз кітапханаларының мұқтажлығы үшін ақша жыйнайтын болды. Міне, солардың ішінде кітапханаға қазақтан ед бірінші, әрі жалғыз ғана оқушы болып келген ұлы ақын Абай болды.

Кітапхананы ұйымдастыруда, тағы басқа көптеген игілікті істерде бастамашы болған Семейдегі Михаэлис бастатқан алдыңғы қатарлы адамдар сол кезде Абайдың орыс мәдениетімен танысуына көмектескен достар болды. Абай кітапханадағы әдебиеттерді еркін пайдаланды. Оны Шыңғыстағы аулына да алдырып оқыды. Ал, Семейге келіп айлап, жылдап жатқан күндерінде ақын көбінесе осы кітапханада болады екен. Ол орыстың классик ақын-жазушыларын мұңдасқандай шешіле оқып, уақытының көбін осы Гоголь атындағы

кітапханада өткізген, кітапхананың оқу бөлмесінде отырып, түрлі ғылыми, әдебиет кітаптарын ұзақ уақыттар оқыған. Пушкиннің, Лермонтовтың, Салтыков-Шедриннің, Л. Н. Толстойдың шығармаларын алған. Онымен қатар Абай батыс әдебиетіндегі көрнекті жазушылар Гёте, Шиллер және Байрондардың да шығармаларын оқыған.

Абай әсіресе ақыл тоқтатып есейген кезінде кітап оқумен баса араласыпты. Ол оқыған әдебиеттері жөнінде Михаэлиспен кеңесіп отырған, ~~ол кұмар болған орыс~~ әдебиетін бар зейінімен көңіл аударып отырған.

Бірақ кітапхана Абайдың кезінде өз жұмысын өрістете алмады. Қазақ даласына келген прогресс атаулының барлығына да қарсы болған патша өкіметі кітапхананың өсуіне жол бермеді. Кітапхананың ашылғанына 5 жыл толмай жатып, қалалық дума соған дейін босатып келген аз ғана қаржының өзін де қысқартып тастады. Бірақ жергілікті халық кітапхананың қаржысын бүтіндей өз мойындарымен көтерді.

Ұлы Октябрь революциясының арқасында кітапхана халық тілегін ақтайтын құрметті, үлгілі мәдениет ошағына айналды. Алғашқы құрылған жылдарда кітапханада 130 шамалы ғана оқушылар болған еді. Оның кәзіргі оқушылар саны 8 мыңға тағу. Ерте кездерде кітапханада

жалғыз ғана қазақ оқушысы—Абай болса, бұл күндері ондағы қазақ оқушыларының саны 1.200-ден асып барады. Олардың барлығы да дерлік жоғары оқу орындарында, техникум, училищелерде, түрлі өндіріс, мекеме орындарында жүрген білімді адамдар. Кітапхананың кітап қоры тоқтаусыз өсуде. Ондағы әртүрлі көркем, техникалық және саяси әдебиеттерден жыйналған 108.356 кітаптар көп ұлтты совет оқушыларының бүтіндей рухани игілігіне пайдаланылуда. Абай өз кезінде кітапханадан оқуға қазақ тілінде басылған бірде-бір кітап таба алмайтын, кәзір ақын шығармалары бірнеше ұлт тілінде басылып, мыңдаған оқушыларға жеткізілуде.

Кітапханада қазақ тіліне аударылған орыс әдебиеті де көбейді. Кәзір кітапханадағы 9.900-ден астам қазақ тілінде басылған әдебиеттердің бірқатары Абайдың творчествосы және оның ақындық өмірі мен еңбегіне арналған түрлі шығармалар. Біз ол әдебиеттерді еңбекшілерге кеңінен таратуға ынтықпыз. Өйткені бұл күні бүкіл совет халқы құрмет тұтып, сүйіп оқыйтын ұлы ақын бір кезде өз кітапханамызға келген сүйікті кітап оқушымыз болған еді.

М. ХАСАНОВА,

Семейдегі Н. В. Гоголь атындағы облыстық кітапхананың қарт қызметкері.